

Сәкен Сейфуллин “Аққудың айырылуы” поэмасы



Сабақтың эпиграфы:

“Ол өз елін сүйген. Ол нағыз ақын болған, ал нағыз ақынның халқы өмір сүрсе, ол да мәңгілік өмір сүрді”

М. Әуезов




Отбасылық мұрағат суреттері



Сәкен Сейфуллиннің
әкесі Сейфолла.



Сәкен Сейфуллиннің жұбайы
Гүлбахрам және
ұлы Аян.



В 1958 жылы Сәкен Сейфуллиннің бейнесі сол кездегі конверттің сыртына басылды.



1962 жылы Сәкен Сейфуллин маркасы шықты.


«Аққудың айырылуы» поэмасы



Артық болмас білгенің.....!

Аққу – суда жүзетін ең ірі құс. Оның сұлулығы бір төбе болса, өмір сүру тәртібі мүлде бөлек әңгіме. Олай дейтініміз, аққу – жұп болып өмір сүретін жаратылыс. Әр жұп өзіне лайық аймаққа қонып, мекенін сырт көзден қорғайды. Аққу суда дауыс көтермей, тыныш қана жүзеді. Салмағы ауыр болғандықтан, аққудың қонуы оңай емес. Сондықтан да олар жерге емес, суға қонады. Қорегі – су өсімдіктері мен су жәндіктері. **Аққу өзі таңдаған серігіне өмір бойы адал болып өтеді. Аққулардың өз жұбын бір рет қана таңдайтыны дәлелденген.** Міне, осы себептен де **аққу - адал, пәк махаббат белгісі** делінеді. Аққу – киесі бар қасиетті құс. Ерекше сұлу тіршілік иесі.

Аққудың түрлері





Сөз сыры

- **маңғаз**– кербез, сәңқой, керіліп-созылған
- **жұбайы**- ерлі зайыпты екі адамның бірі
- **мерген**- атқан оғы мүлт кетпейтін, көздеген жеріне тигізетін атқыш
- **зәлім**- қараниет, қиянат жасаушы адам
- **зарлау**– қайғы, мұңды зарлаған дауыс

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Екі аққудың кездесуі.

III. Мергеннің аққуды атуы.

IV. Жалғыз қалған аққудың қасіреті мен өлімі.



Ой қозғау



Кейіпкерлерге баға беру (ойлан, жұптас, талқыла)



Сыр толғау



□ Авторға
тікелей
хат

Есте қалар есті сөз



*1. Аққу – құстың
сұлтаны.*

*2. Аққуды атпа,
досыңды сатпа.*

*3. Аққуды атуға
болмайды,
махаббатты
қорлауға болмайды.*

Үй тапсырмасы : 81-90 бет үзінді жаттау

«Аққу –киелі құс» атты эссе жазу

